

**«6D010800-Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша
PhD докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған Сыдыков Нұрбол Тұрарұлының
«Өңірлік деңгейдегі спорттық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру және оларды басқару (Ақтөбе облысы
мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН-ШІКІРІ

№ р/р	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірі тексерілуі керек)	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы.	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)	Диссертация тақырыбы ғылым дамуының келесідей басыңқы бағыттарына сай келеді: «Өңірлік деңгейдегі спорттық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру және оларды басқару (Ақтөбе облысы мысалында)». «Қазақстан Республикасының дене шынықтыруды және спортты дамыту Концепциясын 2025 жылға дейін бекіту туралы» қаулысында айқындалған міндеттерді іске асыруға бағытталған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/ қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>жақсы</u> <u>ашылған</u> /ашылмаған	Ақтөбе өңіріндегі дене шынықтыру мен спорт саласындағы спорттық-бұқаралық іс-шаралар қызметінің дамуын басқарудың маңызды құралдарының бірі болып табылатын кешенді бағдарламаны әзірлеу технологиясы теориялық тұрғыдан негізделген. Ақтөбе облысында спорттық-бұқаралық іс-шаралар негізінде дене шынықтыру мен спортты дамытудың кешенді бағдарламасын іске асырудың нәтижелерін талдау негізінде дене шынықтыру және спорт саласындағы өңірлік жарыс жүйесін одан әрі жетілдірудің негізгі бағыттары анықталды.

3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары;	Н.Сыдыков зерттеу жүргізу барысында тақырып бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге талдау жасаған, алдын-ала және қалыптастырушы педагогикалық экспериментті ұйымдастырып, жүргізген. Сонымен қатар, ол диссертацияның әрбір бөлімі мен жалпы мазмұны бойынша тұжырымдама жүргізіп, қорытынды жасаған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген;	Зерттеу нәтижелерінің талапқа сай теориялық-әдіснамалық және практикалық тұрғыда дәлелденуімен, жұмыс мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестілігімен, зерттеу пәнімен сәйкес әдіс-тәсілдерді қолдануымен, эксперимент бағдарламасының мақсатқа сәйкестілігімен, көрсеткіштер нәтижелерін қорытындылауымен, алынған нәтижелер мен тұжырымдардың практикаға ендірілуімен қамтамасыз етілген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбына айқындайды: 1) айқындайды	Диссертацияның жалпылама мәні - өңірлік деңгейдегі спорттық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру мен оларды басқаруда.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді	Тақырып бойынша зерттеу міндеттері бір-бірімен қисынды байланыс тапқан және зерттеу мақсатынан туындаған міндеттерді шешуге бағытталған. Өңірлік деңгейдегі (Ақтөбе облысы мысалында) спорттық-бұқаралық іс-шаралар негізіндегі спорттық жарыс қызметін ұйымдастыру мен оларды басқарудың теориялық және әдістемелік негіздеме берілген.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан;	Диссертация бойынша бірінші, екінші, үшінші және төртінші қорғалатын ережелер үшінші – «Ақтөбе облысында спорттық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру және басқару жүйесінің тиімділігіне негіздеме беру» бөлімінде жүзеге асырылған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп бұрыннан белгілі	Ізденуші қол жеткізген ғылыми нәтижелер бұрынғы зерттеулердегі ұқсас нәтижелермен салыстырылған (3.1 бөлімше)

		шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау жоқ;	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	<p>Алғашқы ереже мен нәтиже ішінара жаңа болып табылады, өйткені Ақтөбе облысы өңірінде дене шынықтыру және спорт жүйесін жетілдіру осы аймақтың ерекшеліктерін ескеріле жүргізіледі.</p> <p>Екінші нәтиже мен ереже ішінара жаңа болып табылады, себебі өңірлік дамытудың әлеуметтік-экономикалық жағдайларының сандық пен сапалық сипаттамалары берілуде аймақта дене шынықтыру мен спортты дамыту тұжырымдамасын қалыптастыру негізге алынған.</p> <p>Үшінші ереже мен нәтиже жаңалық болып табылады, өйткені Ақтөбе облысында дене шынықтыру мен спортты дамытудың кешенді бағдарламасы өңірдің ерекшелігін ескере отырып, спорттық-бұқаралық іс-шаралар негізінде дене шынықтыру мен спортты жетілдірудің басым бағыттарын анықтайды.</p> <p>Төртінші ереже мен нәтиже жаңа болып табылады. Эксперименталды түрде айқындалған нәтижелер негізінде облыс аймағында дене шынықтыру мен спорт жүйесін спорттық-бұқаралық іс-шаралар негізінде одан әрі жетілдіру аймақтық пен салалық құқықтық нормаларды үйлестіруді, команданың сұраныстарын, жабық және ашық спорт кешендерін салу бағдарламаларын, дене шынықтыру мен спортты қаржыландырудың қосымша көздерін іздеуді ескеретін жаңа мамандықтар бойынша дене шынықтыру мамандарын даярлау мен қайта даярлауды қамтиды.</p>
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?	Бірінші қорытынды жартылай жаңа. Екінші, үшінші, төртінші қорытындылар жаңа.

		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	<p>Бірінші нәтиже бойына шешім жартылай жаңа. Автор бұқаралық спортты ресурстық қамтамасыз ету жүйесінің базалық қағидаларын қайта қарау мақсатында теориялық негіздеме қарастырған.</p> <p>Екінші нәтиже бойынша шешім жаңа. Ізденуші қатысушылардың өңірлік және жас ерекшеліктерін, олардың спорттық даярлық деңгейін, мотивация мен жарыстарға деген қарым-қатынас түрлерін ескере отырып жұмыс жүргізді.</p> <p>Үшінші нәтиже бойынша шешім жаңа спорттық-бұқаралық іс-шаралар негізінде спорттық жарыстарды басқарудың кешенді бағдарламасы құрастырылды.</p> <p>Төртінші нәтиже бойынша шешім жаңа. Өңірлік деңгейге қатысты спорттық-бұқаралық іс-шаралар жүйесі негізінде дене шынықтыру мен спорт саласы бойынша жарыс қызметін басқаруды дамытуға эксперименталды негіздеме берілді.</p>
6.	Негізгі қортындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> / негізделмеген (qualitative research және өнер тану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	<p>Бірінші қорытынды тақырып бойынша бұқаралық спортты ресурстық қамтамасыз ету жүйесінің базалық қағидаларын қайта қарау мақсатында теориялық негіздеме қарастырылды.</p> <p>Екінші қорытынды жүйекұраушы факторлардың өзара байланысына негізделген өңірлік спорттық-бұқаралық іс-шаралар жүйесі жасалды.</p> <p>Үшінші қорытынды бойынша Ақтөбе облысында дене шынықтыру мен спортты дамытуды спорттық-бұқаралық іс-шара негізінде басқару құралы ретінде құрастырылған кешенді бағдарламаның ерекшелігі айқындалды.</p> <p>Төртінші қорытынды бойынша өңірлік деңгейде спорттық-бұқаралық іс-шаралар негізінде дене шынықтыру мен спорт саласы бойынша жарыс қызметін басқаруды дамыту үшін әрбір</p>

			жарыс түрлерін дұрыс ұйымдастырып, жарысқа қатысушыларды көптеп тарту мен спорттық даярлықты күшейту мүмкіндігінің жоғары екендігі анықталды.
7.	Қорғауға шығарылатын, негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиальды ма?</p> <p>1) иә</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>7.1 Барлық қорғалатын ережелер дұрыс қойылған, міндеттерді, олар шешілетін бөлімдерді және диссертация бойынша тұжырымдалған қорытындыларды логикалық жүзеге асыру арқылы дәлелденген.</p> <p>7.2 Қорғалатын барлық ғылыми ережелер зерттеу әдістерін дұрыс таңдау арқылы және осыған ұқсас бұрынғы зерттеулерден ерекшелігінің болуымен ғылыми дәлелді құрастырылған.</p> <p>7.3 Қорғалатын төрт ереженің біріншісі ішінара жаңа, ал екіншісі, үшіншісі, төртіншісі жаңа болып табылады.</p> <p>7.4 Қорғалатын ережелерді қолдану аясы нақты болып табылады. Олар дене шынықтыру және спорт жүйесін спорттық-бұқаралық іс-шаралар негізінде жабық және ашық спорт кешендерін салу бағдарламаларын, дене шынықтыру мен спортты қаржыландырудың қосымша көздерін іздеуді ескеретін жаңа мамандықтар бойынша дене шынықтыру мамандарын даярлау мен қайта даярлауды қамтиды.</p> <p>7.5 Бірінші қорғалатын ереже келесі мақалаларда баяндалған:</p> <p>1. Сыдықов Н., Кулбаев А.Т. Дене шынықтыру және спорттық менеджмент негіздері / Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. -№1 (55), 2019. Б.33-36;</p> <p>2. Сыдықов Н., Кулбаев А.Т., Абдреимова К.А. Спорттық менеджменттің ерекшеліктері / Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. - №2 (56), 2019. Б.88-92. Роль средств рекламы и пропаганды в управлении физической культурой и спортом / Международный научный конгресс «Олимпийский спорт и спорт для всех». – 2020.- С.471-475.</p> <p>3. Zhanibek, K., Zh, B., Kasymbayeva J., Sh, S. E., Minarbekov D.I.</p>

			<p>& Sydykov N.T. The influence of Qazaq Kuresi classes on the management of the level of reserves of the athletes' body.©2021 Birlesik Dunya Yenilik Arastirma ve Yayincilik Merkezi. All rights reserved.Cypriot Journal of Educational Sciences. Volume 16, Issue 6, (2021) 3147-3155.</p> <p>Екінші қорғалатын ережелер келесі мақалаларда баяндалған: 4.Nurbol Sydykov, Aibol Kulbaeyev. Modular training optimization for sports managers // Journal of Physical Education and Sport ® (JPES), Vol.19 (3), Art. 251, pp. 1715 - 1719, 2019 online ISSN: 2247 - 806X; p-ISSN: 2247 – 8051; ISSN - L = 2247 - 8051 © JPES. Nurbol Sydykov, Aibol Kulbaeyev.</p> <p>Үшінші және төртінші қорғалатын ережелер келесі мақалаларда баяндалған: 5.Сыдықов Н.Т., Кулбаев А.Т., Абдреимова К.А. Роль средств рекламы и пропаганды в управлении. XXIVмеждун. науч. конгресс «Олимпийский спорт и спорт для всех»: мат.– Казань, 2020.– С. 471-475.</p> <p>6. Сыдықов Н.Т., Құлбаев А.Т., Келдіқұлов Ғ.К., Абдреимова К.А. Жоғары білікті спортшыларды даярлауды басқаруды ұйымдастыру / Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. - № 3 (57), 2019. 147-151 б.</p> <p>7. А.Т. Кулбаев, Г.К. Кельдикулов, Н.Т. Сыдықов, Б.И. Талкыбаев, А.Б. Казанкапов. Анализ состояния и эффективности системы международных соревнований проводимых в Республике Казахстан / "Білім, дене шынықтыру, спорт және туризмдегі инновациялар" атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда мат. - Алматы, 2020. – Б. 229-232.</p>
--	--	--	--

8.	Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) иә;	Тақырып бойынша диссертацияның екінші бөлімінде ізденуші зерттеу идеясын, оның сәйкес логикасын, зерттеудің дұрыс әдістерін таңдауды негіздейді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә;	Бірінші нәтижені алу кезінде тақырып бойынша мазмұнды талдау әдісі қолданылған. Екінші нәтиже ретінде мақсатты нәтижені, қатысушылардың өңірлік және жас ерекшеліктерін, олардың спорттық даярлық деңгейін, мотивация мен жарыстарға деген қарым-қатынас түрлерін ескере отырып, жүйекұраушы факторлардың өзара байланысына негізделген спорттық-бұқаралық іс-шаралар жүйесі жасалды. Үшінші нәтиже дене шынықтыру мен спортты дамытуды спорттық-бұқаралық іс-шара ретінде басқару құралы ретінде құрастырылған алдыңғықатарлы халықаралық және отандық тәжірибеге негізделген нақты әдістемелік пен ұсынымдық сипаттағы кешенді бағдарлама құрастырылды. Төртінші нәтижеге қол жеткізу барысында Ақтөбе облысына қатысты спорттық-бұқаралық іс-шаралар жүйесін халықпен жұмыс істеу тәжірибесіне енгізу арқылы әрбір жарыс түрлерін дұрыс ұйымдастырып, жарысқа қатысушыларды көптеп тарту және спорттық даярлықты күшейту мүмкіндігінің жоғары екендігі анықталды.

		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) иә</p>	<p>Зерттеу логикасына сай ізденуші алдымен анықтаушы эксперимент жүргізді, одан соң ғылыми негізделген әдістерге негіздеме берді, оларды әзірлеп және қолданып, жалпы облыс өңірінде дене шынықтыру мен спорт жүйесін спорттық-бұқаралық іс-шаралар негізінде жетілдіруге, дене шынықтыру мен спортқа әсер етудің ұйымдастырушылық және басқарушылық жолдары мен әдістерінің кешенін анықтау мен тәжірибеге енгізуге мүмкіндік беретіндей зерттеу нәтижелерін алды.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталаған</u></p>	<p>Зерттеу жұмысын жүргізу барысында алынған нәтижелер бұрын жүргізілген зерттеулердегі ұқсас мәліметтермен салыстырылды. Ізденуші таңдап алған әдебиеттер заманауи және қарастырылатын мәселе бағытына сәйкес келеді.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u></p>	<p>Диссертация бойынша әдебиеттерге шолу барысында ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттердің жеткілікті мөлшері пайдаланылған (160), бұл зерттелетін мәселеге жан-жақты сипаттама берілгендігін айқындайды.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) иә</p>	<p>Теориялық тұрғыдан алғанда диссертацияның маңыздылығы - теориялық маңыздылығы өңірлік деңгейде дене шынықтыру мен спорт саласы бойынша жарыс қызметінің ұтымды жүйесін қалыптастыру мәселелерін жүйелі түрде қараумен анықталады.</p>

		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) иә</p>	<p>Зерттеудің практикалық маңыздылығы Ақтөбе облысында спорттық-бұқаралық іс-шаралар негізінде дене шынықтыру мен спортты дамытудың кешенді бағдарламасын іске асырудың нәтижесінде дене шынықтыру және спорт саласындағы өңірлік жарыс жүйесін одан әрі жетілдірудің негізгі бағыттары анықталды.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа);</p>	<p>Ұсынылған нұсқауларда А) пункті жартылай жаңа болып табылады. Белгілі бір өңірге қатысты спорттық жарыстар жүйесін әзірлеу кезінде халық таңдаған спорт түрлеріне қатысты қоғамның пікірін, жарыстарды өткізу уақыты мен орнын зерттеу қажет. Б) пункті – жаңа, себебі ізденуші спорттық іс-шараларды ұйымдастырған кезде жарыс орындарын, атрибуттар мен жеңімпаздарды марапаттау рәсімдерін эстетикалық тұрғыдан әсем безендіруді жүзеге асыру керек, бұл жарысқа деген қызығушылықты және оның эстетикалық құндылығын арттыруға көмектесетіндігін айқындайды.</p> <p>В) пункті – жартылай жаңа, өйткені спортпен шұғылдануды жаңадан бастаған адамдардың екі, үш спорт түрін бірдей таңдауын теріс құбылыс ретінде қарастырмауы керек. Бұл кезде олар өздерін қызықтыратын спорт түрін іздейді, сол спорт түріне бар жан-тәнімен беріліп, үлкен жетістіктерге жетуге мүмкіндік алады.</p> <p>Г) пункті жартылай жаңа – спортқа адамдарды тартудың және спортпен шұғылдану үшін спорттық даярлықтың маңызды шарты екенін түсіндіру, олардың жарыстарға деген көзқарасын, спортпен шұғылдануға деген ынтасын зерттеу болып табылады.</p> <p>Д) пункті – жартылай жаңа, себебі спорт түрлерін спорттық-бұқаралық іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына енгізген кезде мыналарды: аймақтың климаттық-географиялық жағдайларын;</p>

			сол өңірде тұратын халықтың ерекшеліктерін (жасы, спорттық дайындығы, ұлты) және басқа да факторларды ескеру қажет.
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары	Диссертация ғылыми мәнерде баяндалған. Ізденуші ойларының қисынды бірізділігі байқалады. Диссертация мәтіні автор келтірген дәлелді тұжырымдарына сай сипатталған.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, ізденуші Сыдыков Нұрбол Тұрарұлына «6D010800-Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайық деген ұсыныс білдіремін.

Ресми рецензент:

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы

Қолы _____
 Подпись _____
 Растаймын: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі
 Заверено: НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба

24.03.2022г.



Досқараев Б.М.